

Шымкент қаласы білім басқармасы  
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы МКҚК  
Мектепалды «Қызғалдақ» тобы

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті:  
**«Түстер әлемі»**

Тәрбиеші: Каржауова М.Ж.

Усипбекова А.К

2022-2023 оқу жылы



## Ұйымдастырылған ойын іс-әрекет: «Түстер әлемі»

Балалардың коммуникативтік-ақпараттық құзіреттілігін молайтып, балалардың танымдық қабілеттерін, зейінін, сенсорлық ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыру білуге үйрету (қызыл, сары, көк, жасыл)

**Үлестірілетін нәтиже:** Заттардың көлемін, түсін және пішінін біледі. Көлемі, пішіні, түстері бойынша біртекті заттарды топтастыра алады.

**Әдіс-тәсіл:** Ойындар, сұрақ-жауап, түсіндіру.

**Корнекіліктер:** түрлі-түсті шарлар, геометриялық пішіндер, марблс тастары.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың басқару іс-қимылдары	Балалар іс-әрекеті
1-кезең уәждік-түрткі болу	<p>Шаттық шеңбері Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Алғаш келген қонақпен Амандасып аламыз.</p> <p>Балалар, бүгінгі біздің ұйымдастырылған ойын іс-әрекетіміздің аты: «Түстер әлемі» деп аталады.</p> <p>Балалардың іс-әрекетке кірісуіне түрткі болу; -Балалар, біз қандай түстерді білеміз?</p> <p><b>Ғажайып сәт.</b> Еркетай қыз қонаққа келеді. -Мен ғажайып түстер әлемінің еркесімін. Менің атым Еркетай. Мен сендермен ойын ойнауға келдім. Мен сендерге доптар ала келдім.</p>	<p>Балалар шаттық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.</p> <p>-қызыл, сары, жасыл, көк</p> <p>Балалар қонақпен амандасады.</p> <p>Қуана келіседі.</p>
2-кезең проблемалық ізденіс	<p><b>Балаларды проблеманы шешуге бағдарлау.</b></p> <p><b>1-ойын:</b> «Шарларды топтастыр» <b>Ойын ережесі:</b> Түстеріне байланысты доптарды өзінің құрсауына орналастыру.</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар!</p> <p>Балалар, менің сендермен тағы да ойындар ойнағым келіп тұр.</p> <p>-Олай болса, Еркетай, балалармен бірге шығармашылық орталығына барып ойындар ойнайық.</p> <p><b>2-ойын:</b> «Топтық жұмыстар»</p>	<p>Балалар доптарды өз түстеріне қарай орналастырады.</p> <p>1. Балалар көбелектің үстіне қақпақтарды</p>

<p>3-кезең рефлексивті- түзетуші</p>	<p>1-топ: «Қақпақтармен жұмыс»</p> <p>2-топ:Марбле тастарымен жұмыс.</p> <p>3-топ: «Қыстырғышпен жұмыс»</p> <p>4-топ: «Фетрмен жұмыс»</p> <p>-Жарайсыңдар,балалар!Сендер сондай ақылды балалар екенсіңдер.</p> <p><b>Сергіту сәті</b> «Көңілді күн» әуенімен.</p> <p>-Еркетай,біздің балалар түстерді ғана емес,пішіндерді де ажырата алады. Еркетай:-Ендігі ойынымыз «Пішіндерді орналастыр»деп аталады. -Жарайсыңдар,балалар! Еркетай:-Менің енді түстер әлеміне қайтатын уақытым болды,сендерге көп рахмет.Мен сендермен ойын ойнау арқылы көп нәрсені білдім.Түстерді ажырата білдім және пішіндермен таныстым. -Рахмет сендерге! Қош, сау болыңдар!</p> <p><b>Балалар іс-әрекетінің нәтижелерін талдау</b></p> <p>-Қане,балалар,біз бүгін ойындар ойнау арқылы не үйреніп,не білдік?</p> <p>-Бізге қонаққа кім келді?</p> <p>-Сендерге бүгінгі ойындар ұнады ма?</p> <p>-Жарайсыңдар,балалар!</p>	<p>түстеріне қарай орналастырады</p> <p>2.Жыл мезгілдеріне сай марбле тастарын қойып шығады.</p> <p>3.Түрлі-түсті пішіндерді қыстырғыштың көмегімен қыстырып шығады.</p> <p>4.Гүлдердің түсіне қарай көбелектерді орналастырады.</p> <p>Балалар музыкамен сергіту сәтін жасайды.</p> <p>Балалар геометриялық пішіндерді өз орындарына орналастырып шығады.</p> <p>Қоштасады.</p> <p>Түстер мен пішіндерді ажырата білдік.</p> <p>Түстер әлемінен Еркетай қонаққа келді. -Иә,бізге ойындар ұналы.</p>
--	--	--







